# Екпін ауылдық округінің Екпін ауылындағы көшелерін қайта атау туралы

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Екпін ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 19 наурыздағы № 3 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 27 наурызда № 6815 болып тіркелді

*ЗҚАИ-ның ескертпесі.*

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 - бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына, Шығыс Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының 2019 жылғы 11 желтоқсандағы қорытындысына сәйкес және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып Екпін ауылдық округінің әкімі **ШЕШТІ:**

1. Тарбағатай ауданы Екпін ауылдық округінің Екпін ауылындағы "Мир" көшесі " Амангелді Түндікбаев", "Интернациональная" көшесі "Байғабыл Оралбаев", "Плановая " көшесі "Жексенбай Нұрсафин" көшелері болып қайта аталсын.

2. "Екпін ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімнің мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Тарбағатай ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Әкім* *А. КАРАТАЛОВ*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК